



ASTANA MEDICAL
UNIVERSITY

«Астана медицина университеті» КеАҚ
Интеграцияланған менеджмент жүйесі

«Астана медицина университеті» КеАҚ-тағы
Студенттік өзін-өзі басқару туралы ереже

Е-АсМУ-118-26

№ 2 басылым
18 беттің 1 беті

«Астана медицина университеті» КеАҚ
Басқармасының 2026 жылғы 26 қаңтардағы
№ 5 хаттамалық шешімімен бекітілді
2026 жылғы «7» маусым
өзгерістер мен толықтырулар енгізілді



**«АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ-тағы
СТУДЕНТТІК ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Е – АсМУ-118-26

«АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
АККРЕДИТАЦИЯ ЖӘНЕ САПАНЫ БАСҚАРУ
ДЕПАРТАМЕНТІ

ТУПНҰСҚА/ОРИГИНАЛ

Астана қ.

«АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
АККРЕДИТАЦИЯ ЖӘНЕ САПАНЫ БАСҚАРУ
ДЕПАРТАМЕНТІ

ТІРКЕУ №

61

«12»

06

2026ж.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	Е-АсМУ-118-26 № 2 басылым 18 беттің 2 беті
	«Астана медицина университеті» КеАҚ-тағы Студенттік өзін-өзі басқару туралы ереже	

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 **ӘЗІРЛЕГЕН:** – Әлеуметтік-тәрбие жұмысы жөніндегі департамент
- 2 **ӘЗІРЛЕУШІ:** – Әлеуметтік-тәрбие жұмысы жөніндегі департамент
директоры З.Н. Шаймерденова
- 3 **ЕНГІЗІЛДІ:** – Әлеуметтік-тәрбие жұмысы жөніндегі департамент
- 4 **БЕКІТІЛДІ:** 2024 жылғы «26» қаңтардағы №5 хаттама
- 5 **ӨЗГЕРІСТЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР
ЕНГІЗІЛДІ:** 2026 ж. « 09 » 06
- 6 **КЕЛІСІЛДІ:** – Академиялық жұмыс жөніндегі проректор, Басқарма
мүшесі А.К. Досанова
Стратегиялық дамыту және халықаралық ынтымақтастық
жөніндегі проректор, Басқарма мүшесі
Аккредиттеу және сапаны басқару департаментінің
директоры А.Б. Жунусова
Әлеуметтік-тәрбие жұмысы жөніндегі департамент
директоры З.Н. Шаймерденова
- 7 **ҚАЙТА ҚАРАУ КЕЗЕҢДІЛІГІ** қажеттілікке қарай

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	Е-АсМУ-118-26 № 2 басылым 17 беттің 3 беті
	«Астана медицина университеті» КеАҚ-тағы Студенттік өзін-өзі басқару туралы ереже	

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер	4
3. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар.....	4
3. Негізгі бөлім.....	4
4. Қайта қарау, өзгерістер енгізу, сақтау және тарату.....	12
1-қосымша	13
Келісу парағы.....	14
Өзгерістерді тіркеу парағы.....	16
Таныстыру парағы	17

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	Е-АсМУ-118-26 № 2 басылым 17 беттің 4 беті
	«Астана медицина университеті» КеАҚ-тағы Студенттік өзін-өзі басқару туралы ереже	

1. Жалпы ережелер

1. Студенттік өзін-өзі басқару туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Астана медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамындағы (бұдан әрі – Университет) студенттік бірлестіктердің қызмет ету тәртібін айқындайды.

2. Студенттік өзін-өзі басқару (бұдан әрі – Өзін-өзі басқару) осы Ереже және Университеттің өзге де ішкі құжаттары негізінде әрекет ететін Университеттің алқалы органы болып табылады.

3. Студенттік өзін-өзі басқару – жастардың тұлғалық және кәсіби өсуіне, қоғамда табысты әлеуметтенуіне, сондай-ақ олардың зияткерлік және шығармашылық әлеуетін іске асыруына жағдай жасау жөніндегі қызметін ұйымдастыру нысаны болып табылады.

4. Осы Ережеде 1-кестеде берілген терминдер мен анықтамалар қолданылады.

1-кесте. Терминдер мен анықтамалар

№	Термин (қысқарған сөздер)	Анықтамасы
1	ӘТЖД	Әлеуметтік-тәрбие жұмысы жөніндегі департаменті
2	АжСБД	Аккредиттеу және сапаны басқару департаменті
3	ОСК	Орталық сайлау комиссиясы
4	СҰК	Студенттік ұйымдар кеңесі
5	СҮК	Студенттік үйлер кеңесі.
6	ОПҚ	Оқытушы - профессорлар құрамы
7	БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
8	GPA (Grade Point Average)	Университеттің қолданыстағы білім деңгейін бағалау жүйесіне сәйкес есептелетін білім алушының оқу үлгерімінің орташа балы
9	Collaborative Culture Department (CCD)	Студенттік мәдениет және шығармашылық департаменті.

2. Негізгі бөлім

5. Студенттік өзін-өзі басқарудың мәні, мақсаты мен міндеттері. Студенттік өзін-өзі басқару – университеттің басқару функцияларын жүзеге асыру бойынша білім алушылардың дербес қоғамдық қызметін ұйымдастыру нысаны, студенттік ұжымдардың алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес анықталады және жүзеге асырылады.

6. Студенттік өзін-өзі басқарудың мақсаттары мен міндеттері:

1. білім алушылардың Университет қызметінің барлық түрлерін басқаруға қатысу құқықтарын іске асыру, білім алушы жастардың тыныс-тіршілігіне қатысты мәселелерді шешу;

2. білім алушылардың әлеуметтік белсенділігін дамыту, әлеуметтік бастамаларды қолдау және іске асыру;

3. білім алушылардың өзін-өзі басқару біліктері мен дағдыларын қалыптастыруға жәрдемдесу;

4. қоғамдық маңызы бар жастар бастамаларын іске асыру;

5. Университеттің корпоративтік дәстүрлерін сақтау және дамыту;

6. Университеттің алқалы органдарында білім алушылардың өкілдік етуі.

7. Қызметтің нормативтік негіздері:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының бұйрығымен бекітілген Университет Жарғысы;

2. Университеттің ішкі нормативтік құжаттары;

3. Университет басшылығының бұйрықтары мен өкімдері;

4. осы Ереже.

8. Студенттік өзін-өзі басқару құрылымы. Студенттік өзін-өзі басқару Студенттік ректорат кеңесі мен студенттік омбудсменнен тұрады.

9. Студенттік ректорат Университеттің студенттік өзін-өзі басқаруының жоғары органы, оның құрамына келесілер кіреді:

1. студенттік ректор;

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	Е-АсМУ-118-26 № 2 басылым 17 беттің 5 беті
	«Астана медицина университеті» КеАҚ-тағы Студенттік өзін-өзі басқару туралы ереже	

2. академиялық мәселелер жөніндегі студенттік проректор;
3. тәрбие жұмысы жөніндегі студенттік проректор;
4. ғылыми жұмыс жөніндегі студенттік проректор;
5. студенттік ұйымдардың жетекшілері.
10. Студенттік омбудсмен – білім алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі уәкілетті тұлға болып табылады.
11. Студенттік Ректорат кеңесінің құрылымына келесілер кіреді:
 - 1) академиялық мәселелер жөніндегі проректор;
 - 2) ғылыми жұмыс жөніндегі проректор;
 - 3) тәрбие жұмысы жөніндегі проректор;
 - 4) Студенттік ұйымдар жетекшілері.
12. Студенттік ректораттың құрылымдық блоктарының құрамына келесілер кіреді:
 - 1) Академиялық мәселелер жөніндегі Студенттік проректор блогы:
 - Студенттік деканат (бакалавриат, интернатура, магистратура)
 - Старосталар кеңесі (мектептердің, топтардың);
 - 2) Ғылыми жұмыс жөніндегі Студенттік проректор блогы:
 - Стартаптар және инновациялар департаменті;
 - Студенттік ғылыми қоғам.
 - 3) Тәрбие жұмысы жөніндегі Студенттік проректор блогы:
 - ССД департаменті;
 - Студенттік үйлердің студенттік кеңесі (СҮСК).
13. Студенттік ректордың жанында келесілер жұмыс істейді:
 - 1) хатшылық;
 - 2) баспасөз қызметі.
14. Студенттік ректораттың функциялары:
 1. Университеттің алқалы органдарында білім алушылардың заңды мүдделерін білдіру;
 2. қызметтің барлық түрлерін: оқу-әдістемелік, тәрбиелік, ғылыми, клиникалық қызметтерді ұйымдастыру кезінде туындайтын мәселелер туралы Университет әкімшілігін хабардар ету және мәселелерді жою бойынша қабылданған шараларды білім алушылардың назарына жеткізу;
 3. негізгі білім беру бағдарламасынан тыс Университет көрсететін қосымша білім беру қызметтерінің тізбесін кеңейту бойынша ұсыныстарға бастамашылық ету;
 4. білім алушылардың мүдделеріне қатысты әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді шешуге жәрдемдесу;
 5. студенттік демократиялық дәстүрлерді сақтау және дамыту;
 6. білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыруға жәрдемдесу, саламатты өмір салтын насихаттау;
 7. білім алушылардың Университет рухы мен дәстүрлеріне патриоттық көзқарасын қалыптастыруға қатысу;
 8. білім алушыларды Университеттің ішкі жергілікті нормативтік актілерімен таныстыруға және олардың сақталуын бақылауға жәрдемдесу;
 9. білім алушыларды Университет қызметі туралы хабардар ету;
 10. қоғамдық маңызы бар жастар бастамаларын іске асыруға жәрдемдесу;
 11. білім алушыларды жатақханаға орналастыру жөніндегі комиссия жұмысына қатысу;
 12. академиялық адалдық қағидаттары мен академиялық саясат бойынша ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізу;
 13. білім алушыларды Университеттің белсенді студенттік өміріне тарту;
 14. әртүрлі бағыттағы студенттік іс-шараларды (қоғамдық, мәдени-бұқаралық, спорттық және т.б.) ұйымдастыру және өткізу;
 15. Университеттің кәсіптік бағдар беру қызметіне белсенді жәрдемдесу;

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	Е-АсМУ-118-26 № 2 басылым 17 беттің 6 беті
	«Астана медицина университеті» КеАҚ-тағы Студенттік өзін-өзі басқару туралы ереже	

16. Университеттегі, қала және республикадағы қайырымдылық іс-шараларды ұйымдастыру және оларға қатысу;

17. Университеттің оң имиджін қалыптастыру;

18. студенттік өзін-өзі басқару жұмысын тұрақты негізде дамыту және жүргізу;

19. Университеттің студент жастарын волонтерлік қызметке тартуға жәрдемдесу.

20. Студенттік ректорат Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаментіне есеп береді.

15. Студенттік ректордың функциялары:

1) Студенттік ректоратты басқарады;

2) Студенттік ректораттың қызметін үйлестіреді;

3) Отырыстарда төрағалық етеді;

4) Білім алушылардың мүдделерін білдіреді;

5) Университеттің студенттік ұйымдарының жоспарлары мен есептерін бекітеді.

16. Студенттік ректордың кезекті сайлауы екі жылда бір рет, оқу жылының бірінші семестрінде өткізіледі. Студенттік ректордың өкілеттік мерзімі – 2 (екі) жыл.

17. Студенттік ректор лауазымына көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттері бар, студенттік ұйымдарда жұмыс тәжірибесі бар, GPA көрсеткіші кемінде 3.0, тәртіптік жазасы жоқ, 3-курста немесе одан жоғары курстарда оқитын кез келген білім алушы үміткер бола алады. Студенттік Ректор лауазымына үміткерлер Орталық сайлау комиссиясына келесі құжаттарды қамтитын портфолио ұсынуы тиіс:

1. үміткер ретінде ұсынылу ниеті туралы өтініш;

2. сайлауалды бағдарлама;

3. фотосурет;

4. түйіндеме;

5. транскрипт;

6. сайлауға дейін 2 (екі) апта бұрын кандидатураны қолдайтын білім алушылардың қойылған 50 қолы болуы тиіс.

18. Бір тұлға қатарынан екі реттен артық студенттік ректор болып сайлана алмайды.

19. Сайлау рәсімі 3 кезеңде өткізіледі: тіркеу – үгіт-насихат кезеңі – сайлау.

20. Студенттік ректор жалпыуниверситеттік сайлауда еркін, тікелей және жасырын дауыс беру арқылы сайланады (бұдан әрі – Сайлау).

21. Университеттің ОСК үміткерлердің құжаттарын қабылдауды, олардың белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеруді, үміткерлерді тіркеуді, сондай-ақ келесі тәртіппен сайлауды ұйымдастыруды және өткізуді жүзеге асырады:

1) Тіркеу жыл сайын 1 - 10 қазан аралығында;

2) Сайлауалды науқан жыл сайын 10 - 20 қазан аралығында жүргізіледі;

22. Сайлауалды науқан:

1) әлеуметтік желілер;

2) сайлаушылармен кездесулер ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

23. ОСК студенттік ректораттың сайланбалы лауазымына үміткер емес тәуелсіз білім алушылар қатарынан сайланады. Сайлауға 2 (екі) апта бұрын Университеттің ОСК құрамы сайланады.

24. Университеттің ОСК толық құрамы Google Forms арқылы көрсетілген лауазымға ерікті түрде электрондық өтінім берген білім алушылар арасынан конкурстық негізде сайланады.

25. Университеттің ОСК сайланатын лауазымдарына барлық үміткерлер іріктеу критерийлеріне сәйкес сараланады (2-курс және одан жоғары курс студенттері, GPA көрсеткіші 3.0-ден жоғары, тәртіптік жазасының болмауы), алғашқы 6 үміткер тағайындалатын лауазымдарға келесі тәртіппен сайланады: төраға, одан кейін төрағаның орынбасары, кейін 3 мүше және хатшы.

26. Университеттің сайланған ОСК ӘТЖД-де бекітіледі.

27. Дауыс беру кезеңінде бюллетеньдер салынған жәшік ашылмайды, құлыптардың кілттері ОСК төрағасында болады.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	Е-АсМУ-118-26 № 2 басылым 17 беттің 7 беті
	«Астана медицина университеті» КеАҚ-тағы Студенттік өзін-өзі басқару туралы ереже	

28. Әлеуметтік тәрбие жұмысы департаменті директорының, үміткерлердің сенім білдірілген адамдарының және университет білім алушыларының қатарынан тәуелсіз бақылаушылардың қатысуымен университеттің ОСК сайлау кестесінде бекітілген күні, уақыты мен орнында бюллетеньдер салынған жәшіктерді ашады және дауыстарды санайды.

29. Университеттің кез келген білім алушысы ерікті түрде тәуелсіз бақылаушы бола алады.

30. Білім алушылардың кемінде 30%-ы қатысқан жағдайда сайлау өтті деп танылады. Дауыстар тең болған жағдайда қайта дауыс беру өткізіледі.

31. Бұзушылықтар анықталған жағдайда сайлау жарамсыз деп танылуы мүмкін.

32. Форс-мажорлық жағдайлар кезінде (эпидемия, пандемия, төтенше жағдайлар) Студенттік ректорды сайлау тәртібінде басқа критерийлер мен басқа мерзімдер белгіленуі мүмкін.

33. Сайланған Студенттік ректор 7 күнтізбелік күн ішінде студенттік ректораттың тағайындалатын басшыларының тізімін бекітуі тиіс, нақты айтқанда:

- 1) баспасөз қызметі мен хатшылықты;
- 2) академиялық мәселелер жөніндегі студенттік проректорды;
- 3) тәрбие жұмысы жөніндегі студенттік проректорды;
- 4) «Collaborative Culture Department» (CCD) департаментінің басшысын;

34. Студенттік омбудсмен – студенттік өзін-өзі басқарудың белсенді студенттері қатарынан Университеттің Басқарма төрағасы – Ректоры тағайындайтын, білім алушылардың құқықтары жөніндегі уәкілетті тұлға.

35. Студенттік омбудсменнің функциялары:

- 1) Университеттің алқалы органдарында білім алушылардың заңды мүдделерін білдіру;
- 2) қажеттілігіне қарай комплаенс-офицермен өзара іс-қимыл жасау және жұмыс;
- 3) білім алушылардан келіп түскен өтініштерге жедел әрекет ету және мәселені шешу үшін қажетті шараларды қабылдау, өтініштің тәуелсіз, бейтарап және құпия түрде қаралуын қамтамасыз ету;

4) білім алушылардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты жергілікті нормативтік актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар енгізу;

5) қалалық және республикалық студенттік омбудсмендермен өзара іс-қимыл жасау және жұмыс жүргізу.

36. Студенттік омбудсмен мыналарды білуі тиіс:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясын;
- 2) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңын;
- 3) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын;
- 4) Университеттің Академиялық саясатын;
- 5) Университеттің Әдеп кодексін;
- 6) Университеттің Академиялық адалдық кодексін;
- 7) Білім алушылардың белгіленген қағидаларды сақтауын бақылау жөніндегі комиссия туралы ереже;

8) Университеттің өзге де нормативтік құқықтық актілерін.

37. Студенттік ұйымдар кеңесі – университеттің студенттік ұйымдары басшыларының бірлестігі, оның қызметі өздері ұсынатын студенттік ұйымдардың Жарғысына/Ережесіне сәйкес қоғамдық маңызы бар жастар бастамаларын іске асыруға бағытталған. Студенттік ұйымдар кеңесі Студенттік ректорат жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

38. Студенттік ұйымдар кеңесінің функциялары:

1. Университеттің студенттік ұйымдарының қызметін үйлестіру.
2. Студенттік бірлестіктердің бастамалары мен жобаларын қарастыру.
3. Студенттік ұйымдар арасындағы өзара іс-қимылды ұйымдастыру.
4. Студенттік іс-шаралардың жиынтық жоспарын қалыптастыру.
5. Студенттік ректорат пен Университет әкімшілігі алдында Студенттік ұйымдардың

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	Е-АсМУ-118-26 № 2 басылым 17 беттің 8 беті
	«Астана медицина университеті» КеАҚ-тағы Студенттік өзін-өзі басқару туралы ереже	

мүдделерін білдіру.

6. Студенттік ұйымдар қызметінің тиімділігін мониторингілеу.
39. Университетте өз қызметін жүзеге асыру үшін студенттік ұйым ӘТЖД-да тіркелуі қажет.
40. Тіркеу – студенттік бірлестік туралы негізгі акпаратты бекітуді қамтитын, Университеттің студенттік ұйым қызметін ресми тануы және растауы.
41. Тіркеу үшін келесі құжаттарды ұсыну қажет:
 1. ұйымды құру және ұйым қызметінің бағыты туралы ереже/жарғы/хаттама;
 2. Студенттік ұйым құрылымы мен тізімдік құрамы;
 3. кемінде алты ай мерзімге арналған жұмыс жоспары;
 4. атқарылған жұмыстар туралы есеп.
42. Егер студенттік ұйым алты ай бойы өз қызметі туралы акпарат ұсынбаса, ол тіркелген студенттік бірлестіктер тізімінен шығарылады.
43. Студенттік ұйымның негізгі функциялары:
 1. білім алушыларды студенттік ұйымның бағыттары бойынша Университеттің белсенді студенттік өміріне тарту;
 2. жоспарға сәйкес жарғылық қызмет бағыттарына сай әртүрлі бағыттағы студенттік іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;
 3. Университеттің оң имиджін қалыптастыру;
 4. қалалық, республикалық және халықаралық деңгейдегі жастар ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасау.
44. Студенттік өзін-өзі басқару қызметі отырыс хаттамаларымен, жоспарлармен және есептермен ресімделеді, олар ӘТЖД-да сақталады. Студенттік өзін-өзі басқару қызметінде цифрлық платформаларды (әлеуметтік желілер, онлайн-дауыс беру, электрондық тіркеу нысандары) пайдалануға жол беріледі.
45. Академиялық мәселелер жөніндегі студенттік проректор студенттік ректордың бұйрығымен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.
46. Академиялық мәселелер жөніндегі студенттік проректордың мақсаты – білім алушылардың академиялық мәселелерін шешу бойынша Университет әкімшілігімен, кафедралардың оқытушы-профессорлар құрамымен және басқа құрылымдық бөлімшелермен өзара іс-қимыл саласында бірыңғай саясат қалыптастыру.
47. Академиялық мәселелер жөніндегі студенттік проректордың функциялары:
 1. академиялық мәселелерді шешуде мектеп пен білім алушылар арасындағы коммуникацияны орнату;
 2. студенттік декандардың, мектеп старосталары кеңесінің және солар арқылы мектеп старосталарының қызметін үйлестіру және жетекшілік ету;
 3. әртүрлі деңгейдегі старостаттардың жұмысын ұйымдастыру және оған жәрдемдесу;
 4. білім алушылардың бастамасы бойынша енгізілген білім беру процесіне қатысты ұсыныстарды академиялық жұмыс жөніндегі проректорға ұсыну; білім алушылар арасында академиялық қызмет мәселелері бойынша туындайтын келіспеушіліктер мен қиындықтарға жүйелі талдау жүргізу және басқарушылық шешімдер қабылдау мақсатында оларды академиялық жұмыс жөніндегі проректордың қарауына енгізу;
 5. академиялық адалдық қағидаттарын ілгерілету және оның алдын алу бойынша жүйелі жұмыс жүргізу;
 6. негізгі білім беру бағдарламасынан бөлек Университет көрсететін қосымша білім беру қызметтерінің тізбесін кеңейту бойынша ұсыныстар енгізуге бастамашылық жасау;
 7. білім алушыларды Университеттің нормативтік құқықтық құжаттарымен таныстыру;
 8. Университеттің кәсіптік бағдар беру қызметіне белсенді түрде жәрдемдесу;
 9. волонтерлік қозғалысқа тарту, ұйымдастыру және қатысу;
 10. Университеттің оң имиджін қалыптастыруға қатысу;
 11. студенттік ректорат жоспарын іске асыру жұмысын ұйымдастыру, жәрдемдесу және қатысу.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	Е-АсМУ-118-26 № 2 басылым 17 беттің 9 беті
	«Астана медицина университеті» КеАҚ-тағы Студенттік өзін-өзі басқару туралы ереже	

48. Студенттік деканат бакалавриат, интернатура, магистратура декандарынан және бакалавриат мектептері старосталары кеңесінен тұрады және академиялық мәселелер жөніндегі студенттік проректор блогына кіреді.

49. Студенттік деканаттың функциялары:

1. білім алушылар мен Университет арасындағы коммуникация;
2. академиялық мәселелер жөніндегі студенттік проректордың жылдық жоспарын жоспарлау және іске асыру;
3. академиялық адалдық қағидаттарын ілгерілету және оның алдын алу бойынша жүйелі жұмыс жүргізу;
4. білім алушыларды жалпыуниверситеттік іс-шараларға қатыстыру.

50. Студенттік декан (бакалавриат, интернатура және магистратура) және бакалавриат мектептерінің старосталары старосталардың дауыс беруі арқылы сайланады. Барлық білім беру бағдарламалары (бакалавриат, интернатура, магистратура) старосталарының алқалы отырысында кандидаттар айқындалып, оқу үлгерімінің көрсеткіші жоғары GPA 3+, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттері бар, білім алушылар арасында беделі бар старосталар арасынан көпшілік дауыспен бір оқу жылына Студенттік декандар мен мектеп старосталары сайланады.

51. Бір адам қатарынан екі реттен артық студенттік декан болып сайлана алмайды.

52. Ғылыми жұмыс жөніндегі студенттік проректор Студенттік ректордың бұйрығымен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

53. Ғылыми жұмыс жөніндегі студенттік проректордың негізгі функциялары:

1. білім алушылар мен оқытушы-профессорлар құрамы арасындағы өзара іс-қимылды дамыту және нығайту, бірлескен зерттеу және инновациялық қызмет шеңберінде синергетикалық нәтижелерге қол жеткізу үшін ғылыми және жобалық әлеуетті шоғырландыру;

2. Студенттік ғылыми қоғам қызметін ұйымдастыру және әдістемелік сүйемелдеу;

3. Стартаптар және инновациялар департаментінің жұмысын үйлестіру;

4. жобаларды іске асырудың барлық кезеңдерінде сапалы ғылыми сүйемелдеуді қамтамасыз ету мақсатында менторлармен және жобалардың ғылыми жетекшілерімен тиімді өзара іс-қимыл және кері байланыс жүйесін қалыптастыру;

5. студент-зерттеушілер мен стартаперлер арасында және Университеттің бейінді бөлімшелерімен (кафедралар, Ғылымды дамыту департаменті және т.б.) құрылымаралық ынтымақтастықты дамыту;

6. білім алушыларды Университеттегі ғылыми және инновациялық қызметті реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттар туралы хабардар ету;

7. Университеттің кәсіптік бағдар беру және ғылымды насихаттау қызметіне белсенді қатысу;

8. студенттердің республикалық және халықаралық деңгейдегі ғылыми конференцияларға, форумдарға, симпозиумдарға, ғылыми жұмыстар конкурстарына және пәндік олимпиадаларға қатысуын ұйымдастыру және үйлестіру;

9. ғылыми-білім беру кеңістігінде Университеттің оң имиджін қалыптастыруға және ілгерілетуге қатысу.

54. Стартаптар және инновациялар департаменті.

Стартаптар және инновациялар департаменті өз қызметін Ғылыми жұмыс жөніндегі студенттік проректордың үйлестіруімен жүзеге асырады.

55. Департамент қызметінің мақсаты Университет білім алушыларының инновациялық, кәсіпкерлік және жобалық әлеуетін дамыту болып табылады.

56. Департаменттің негізгі функциялары:

1. Білім алушылардың инновациялық бастамаларын анықтау және қолдау көрсету;

2. Студенттік кәсіпкерлік пен стартап мәдениетінің дамуына жәрдемдесу;

3. Конкурстарды, хакатондарды, акселерациялық және инкубациялық бағдарламаларды ұйымдастыру және өткізу;

4. Стартап-жобаларды әзірлеу және іске асыру мәселелері бойынша білім алушыларға

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	Е-АсМУ-118-26 № 2 басылым 17 беттің 10 беті
	«Астана медицина университеті» КеАҚ-тағы Студенттік өзін-өзі басқару туралы ереже	

консультация беру;

5. Білім алушыларды инновациялық жобаларды қолдауға бағытталған гранттық, инвестициялық және өзге де бағдарламаларға қатыстыруға жәрдемдесу;

6. жобалық командаларды қалыптастыруға және пәнаралық ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесу;

7. ғылым, инновациялар және кәсіпкерлік саласында Университеттің оң имиджін қалыптастыруға қатысу.

57. Студенттік ғылыми қоғам өз қызметін Ғылыми жұмыс жөніндегі проректордың үйлестіруімен жүзеге асырады.

58. Студенттік ғылыми қоғамның негізгі функциялары:

1) Білім алушыларды ғылыми-зерттеу қызметіне тарту;

2) Ғылыми іс-шараларды ұйымдастыру;

3) Білім алушылардың конференцияларға, форумдар мен олимпиадаларға қатысуына жәрдемдесу;

4) Білім алушылар арасында ғылымды дәріптеу;

5) білім алушылардың жарияланымдық белсенділігіне жәрдемдесу;

6) Университеттің кафедраларымен және ғылыми бөлімшелерімен өзара байланыс жасау.

59. Тәрбие жұмысы жөніндегі студенттік проректор студенттік ректордың бұйрығымен лауазымға тағайындалады және босатылады.

60. Тәрбие жұмысы жөніндегі студенттік проректордың негізгі функциялары:

1. студенттік ректораттың тәрбие жұмысы бойынша жылдық жоспарын қалыптастыруға қатысу;

2. CCD департаментінің жұмысын ұйымдастыру және бақылау;

3. Студенттік ректораттың жоспарына сәйкес мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

4. жоспарланған және өткізілген іс-шараларды БАҚ жариялау;

5. студенттік демократиялық дәстүрлерді дамыту бойынша жұмысты жүргізу;

6. білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру, саламатты өмір салтын насихаттау бойынша жұмысты жүргізу;

7. білім алушылардың Университеттің рухы мен дәстүрлеріне патриоттық қатынасын қалыптастыруға қатысу;

8. студенттік үйлердің студенттік кеңесінің жұмысын ұйымдастыру және бақылау;

9. Студенттік үйде тұратын білім алушылардың мүдделеріне қатысты әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді шешуге жәрдемдесу;

10. Студенттік үйде тұру қағидаларын сақтау бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу және бақылау;

11. студенттерді орналастыру, шығару процесіне, сондай-ақ Студенттік үй шегінде бір бөлмеден екінші бөлмеге ауыстыруға қатысу;

12. білім алушылардың белгіленген қағидаларды сақтауын бақылау жөніндегі комиссия жұмысына қатысу;

13. білім алушылардың белгіленген қағидаларды сақтауын бақылау жөніндегі комиссияның Студенттік үйде тұратын білім алушыларға қатысты хаттамалық шешімдерінің орындалуын бақылау;

14. Университеттің оң имиджін қалыптастыруға қатысу;

15. білім алушыларды волонтерлік қызметке тарту.

61. Студенттік үйлердің студенттік кеңесі тәрбие жұмысы жөніндегі студенттік проректор блогының құрамында өз қызметін жүзеге асыратын студенттік өзін-өзі басқару органы болып табылады. СҮСК студенттік үйлердің төрағаларынан құралады. СҮСК-тің негізгі функциялары:

1. студенттердің тұрмыс және демалыс жағдайларын жақсартуға жәрдемдесу;

2. Студенттік үйде тұратын білім алушылардың тұрмыс жағдайларын жақсарту мақсатында

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	Е-АсМУ-118-26 № 2 басылым 17 беттің 11 беті
	«Астана медицина университеті» КеАҚ-тағы Студенттік өзін-өзі басқару туралы ереже	

Университеттің құрылымдық бөлімшелерімен өзара байланыс жасау;

3. әрбір қабаттың старосталары мен секторларға жауаптылардың қызметін үйлестіру;
4. Студенттік үйлердегі санитариялық жағдайды бақылау;
5. Студенттік үйлерде тұру қағидаларының сақталуын бақылау;
6. Студенттік үйде тұратын білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру.

62. Студенттік үйлердің төрағасын кезекті сайлау жылына бір рет бірінші семестрде бір оқу жылына Студенттік үйге орналастырғаннан кейін өткізіледі. Сайлау әрбір студенттік үйде жеке өткізіледі.

63. Бір адам қатарынан үш реттен артық Студенттік үй төрағасы болып сайлана алмайды.

64. Сайлау рәсімі 3 кезеңде өткізіледі: тіркеу – үгіт-насихат кезеңі – сайлау.

65. Тіркеу оқу жылының қазан айында өткізіледі.

66. Тіркелу үшін Студенттік үй төрағалығына үміткер өзі үміткер болып отырған студенттік үйде тұратын білім алушылардың 50-ден астам қолын жинауы тиіс.

67. Сайлауалды науқан:

1. әлеуметтік желілер;
2. сайлаушылармен кездесулер ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады

68. Студенттік үй төрағасы лауазымына тиісті студенттік үйде тұратын, оқу үлгерімі көрсеткішінің орташа балы (GPA) 3,0-ден төмен емес, білім алушылар арасында көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттері бар, беделді және тәртіптік жазасы жоқ Университетте 2-курста және одан жоғары курста оқитын кез келген білім алушы үміткер бола алады.

69. Студенттік үйлердің Студенттік кеңесінің құрамына келесілер кіреді:

1. мәдени-бұқаралық сектор;
2. әрбір қабаттың старосталары;
3. баспасөз қызметі;
4. хатшы.

70. Әрбір қабаттың старостасын сайлау Студенттік үйде тұратын студенттер қатарынан, қабаттағы тұрғындардың жалпы жиналысында жүзеге асырылады.

71. ССД департаменті тәрбие жұмысы жөніндегі студенттік проректордың блогында өз қызметін жүзеге асырады.

72. Департамент қызметінің негізгі мақсаты – мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру, білім алушылардың әлеуетін дамыту үшін оларды шығармашылық ұжымдарға тарту.

73. Департамент басшысы тәрбие жұмысы жөніндегі студенттік проректордың келісуі бойынша Студенттік ректордың бұйрығымен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

74. ССД департаментінің функциялары:

1. білім алушылардың шығармашылық қызметінің негіздерін қалыптастыру және дамыту, студенттік ректордың жоспарына сәйкес мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

2. Университеттің, қаланың, елдің қоғамдық өміріне білім алушылардың саналы, жауапты және белсенді қатысу қажеттілігін қалыптастыру;

3. Университеттің дәстүрлерін сақтау және көбейту, оның тарихын, рәміздерін, «Астана медицина университеті» КеАҚ-та білім алудың беделін насихаттау.

75. Студенттік өзін-өзі басқару мүшелерінің:

1. студенттік өзін-өзі басқару қызметі шеңберінде бағдарламалар мен жобаларды әзірлеуге және іске асыруға;

2. студенттік өзін-өзі басқарудың ұйымдастырушылық жұмысы бойынша ұсыныстар енгізуге;

3. моральдық және/немесе материалдық көтермелеуге;

4. ӘТЖД қызметтік хаты негізінде жарғылық мақсаттарды жүзеге асыру үшін

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	Е-АсМУ-118-26 № 2 басылым 17 беттің 12 беті
	«Астана медицина университеті» КеАҚ-тағы Студенттік өзін-өзі басқару туралы ереже	

Университеттің материалдық-техникалық базасын (кабинеттер, акт залы, жабдықтар, аппаратуралар, дәріс залдары және т.б.) пайдалануға құқығы бар.

76. Студенттік өзін-өзі басқару мүшелері:

1. студенттік өзін-өзі басқару органдарының құрамындағы қызметін жүзеге асыру барысында құқық бұзушылықтарға жол бергені үшін – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады;

2. материалдық залал келтіргені үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

77. Университеттің басқа бөлімшелерімен өзара іс-қимыл. Студенттік өзін-өзі басқару өз қызметін қамтамасыз ету мәселелері бойынша Әлеуметтік-тәрбие жұмысы департаментінің қолдауымен Университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл жасайды.

3. Қайта қарау, өзгерістер енгізу, сақтау және тарату

78. Осы Ережені қайта қарау (актуалдандыру), өзгерістер енгізу, сақтау және тарату «Құжаттаманы басқару» құжатталған рәсімінің (УС-АсМУ-37-02) талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.


79. Осы Ереженің түпнұсқасы «Астана медицина университеті» КеАҚ Басқармасы отырысының хаттамасынан үзіндінің көшірмесімен бірге Аккредиттеу және сапаны басқару департаментінде тіркеледі және сақталады.


80. Бекітілген Ереженің сканерленген нұсқасы үш тілде Университеттің ресми сайтында «Жұмыскерлерге» бөлімінде, сондай-ақ «Білім алушыларға» – «Нормативтік-реттеуші құжаттар» бөлімінде орналастырылады.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Меңеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-118-26 № 2 басылым 17 беттің 13 беті
	«Астана медицина университеті» КеАҚ Студенттік өзін-өзі басқару туралы ереже	

Қосымша 1

Студенттік өзін-өзі басқару құрылымы





Келісу парағы

[illegible]



ASTANA MEDICAL
UNIVERSITY

«Астана медицина университеті» КеАҚ
Интеграцияланған менеджмент жүйесі

«Астана медицина университеті» КеАҚ-тағы
Студенттік өзін-өзі басқару туралы ереже

Е-АсМУ-118-26
№ 2 басылым
17 беттің 15 беті

Өзгерістер тіркеу парағы

№ р/с	Өзгеріс енгізілген беттің (парақтың) нөмірі				Барлығы бет	Стандарттың өзгеріс енгізуге негіз болған бөлімінің, тармақтарының, тармақшасының нөмірі	Өзгерісті енгізген тұлғаның қолы	Өзгеріс енгізілген күн
	Өзгерілген беттер	Ауыстырылған н беттер	Жаңадан қосылған	Күші жойылған				
1	4				1	1-бөлім. Жалпы ережелер		12.06.2016
2	4				1	Терминдер, анықтамалар және қысқартулар		
3	5-6				2	7-14-тармақтар. Студенттік өзін-өзі басқару құрылымы		
4	6-7				2	15-32-тармақтар. Студенттік ректорды сайлау тәртібі		
5	7				1	33-35-тармақтар. Студенттік омбудсмен		
6	7-8				2	36-42 тармақтар. Студенттік ұйымдар кеңесі		
7	8-9				2	36-42-тармақтар. Студенттік ұйымдар кеңесі		
8	9-10				2	47-50-тармақтар. Ғылыми блок		
9	10-11				2	51-70-тармақтар. Тәрбие жұмысы блогы		
10	11				1	71-72-тармақтар. Құқықтары мен жауапкершілігі		

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Интеграцияланған менеджмент жүйесі					Е-АсМУ-118-26 № 2 басылым 17 беттің 16 беті	
	«Астана медицина университеті» КеАҚ-тағы Студенттік өзін-өзі басқару туралы ереже						

11	12				1	4-бөлім. Қайта қарау, өзгерістер енгізу, сақтау және тарату тәртібі		
12	13				1	1-қосымша. Студенттік өзін-өзі басқарудың ұйымдық құрылымы		



ASTANA MEDICAL
UNIVERSITY

«Астана медицина университеті» КеАҚ
Интеграцияланған менеджмент жүйесі

«Астана медицина университеті» КеАҚ-тағы
Студенттік өзін-өзі басқару туралы ереже

Е-АсМУ-118-26
№ 2 басылым
17 беттің 17 беті

Таныстыру парағы

№	Лауазымы	Тегі, аты-жөні	Ережемен танысқан күн	Қолы